

«Бекітемін»:

«Дарын» ЖК “Happy kids”

Балабақпаша мені ерушісін

Н.А. Байхатова



**«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке блабақшасы
2023-2024 оқу жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

27.08.2023 жылғы педагогикалық кеңесте қабылданды
№1 хаттама

Орал, 2023 жыл

2023-2024 оқу жылына арналған ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Қызметтің негізгі бағыттары

- Балалардың эмоционалды әл-қуатын жақсарту үшін ортаны модельдеу
- Білім сапасын арттырудың басты шарты ретінде педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру
- Мектепке дейінгі сапалы білімді қамтамасыз ету үшін, мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиелеу мен дамытудың инновациялық педагогикалық технологияларын қолдану
- Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту.
- Балалардың коммуникативтік, танымдық, эмоционалды-әлеуметтік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Мектеп жасына дейінгі тұлғаларды бәсекеге қабілетті тәрбиелеу мақсатында физикалық дамытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы денсаулық құндылықтарын қалыптастыру.
2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдылық мәдениетін қалыптастыра отырып, жүйелі сөйлеуін дамыту бойынша заманауи әдістер мен нысандарды қолдану процесінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту сапасын арттыру.
3. Отбасы мен балабақша екі жақты бірлесе отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын қалыптастыру құралы ретінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды қолдануға жағдай жасау.

МАЗМҰНЫ

Ақпараттық анықтама

Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы

МДҰ жұмысын жоспарлауда ескерілетін негізгі нұсқамалық құжаттар.

2023-2024 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

Құжаттарды дайындау

Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы

1. Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

2. Мерекелік сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жоспары

Әлеуметпен жұмыс:

1. Ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспары.

2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары.

Әкімшілік жұмыс. Ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету.

1. Балабақшадағы 2023-2024 оқу жылына сауықтыру іс-шаралар жоспары

Ақпарат анықтама
Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

БҚО Орал қаласы, «Дарын» ЖК «Happу kids» жеке балабақша

Пошталық индексі – 090000

Мекен-жайы- БҚО, Орал қ., Украинская көш.12/1

Ғимарат - 2 қабатты

Жалпы көлемі – 46

Қолданылуға берілген жылы – 2022 жылы

Оқыту тілі-қазақ,орыс тілі

Педагогикалық құрамы- 8 педагог, оның ішінде -6 тәрбиеші

Тәрбиеленушілер саны- 46

Кадрлармен қамтамасыз ету- 9 адам, оның ішінде 8 педагог мамандар

Бөбекжай күніне 10 сағат жұмыс істейді.

Сенбі, жексенбі күндері демалыс.

Байланыс телефондары: +7 701 172 0003

Топтарды жас бойынша жинақтау:

Балабақшаның қуаттылығы баланы құрайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай – 3 топ жұмыс істейді.

Мемлекеттік тілде оқытатын топтар саны – 2

Орыс тілде жұмыс істейтін топтар саны – 1

Оның ішінде:

Ортанғы топ – 1

Ересек топ - 1

Мектепалды топ - 1

№	Тобы	Педагогтар мен тәрбиешілердің аты-жөні	Біліктілік санаты
1	Мектепалды топ «Достық»	Р.К.Абуталиева	Педагог
		Г.Б.Онаева	Педагог
2	Ортанғы топ «Пчёлки»	А.Е.Уаепова	Педагог
		С.Б.Қайыржан	Педагог
3	Ересек топ «Балапан»	К.К.Калмиярова	Педагог
		М.К.Муханбетовна	Педагог

Аналитикалық бөлім

2023-2024 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

Материалдық-техникалық базасы

«Happy kids» балабақшасының материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.

Балабақша орталық жылу және су жүйелеріне қосылған. Аймақ жөнделген және қоршалған, әрбір топтың жабдықталған өз алаңдары бар.

Балабақша жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу- әдістемелік құралдарымен жабдықталған.

Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда 1.Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы

тәрбиеленушілердің отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда өз бетінше оқу дағдылары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру өмірді қорғауға және денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктері мен дағдыларын: мәдени-гигиеналық біліктері мен дағдыларын, мінез-құлық қағидаларын дамытуға, оларды күн тәртібі мен режиміне тартуға, когнитивтік функцияларды дамытуға, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда мейірімділік, көңіл бөлу, қамқорлық және өзара көмек атмосферасын құруға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде тәрбие дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, өз еліне, тарихына сүйіспеншілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Дамытушы орта эстетикалық, санитарлық-гигиеналық, психология-педагогикалық, материалдық – техникалық комплекстеріне сәйкес.Топтарда балалардың өмірін қамтамасыз етуге жағдай жасалған: қимылды ойындарға атрибуттар, спорттық құралдар, дамытушы ойындар, қуыршақ театры мен сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал-жабдықтары бар. Әрбір топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәндік –дамытушы ортасы құрылған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының мақсаты мен міндеттері

1. «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру.
- 2.Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.
- 3.Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.
- 4.Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.
5. Ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту

Құжаттарды дайындау

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау	Жыл бойы	Шарттар	Меңгеруші
2	Балалардың жас топтарын құру	Тамыз	Бала тізімдері	Меңгеруші, медициналық қызметкер
3	Балалар контингенті мен педагогикалық ресурстар бойынша есептік-статистикалық ақпарат бойынша есеп дайындау	Қыркүйек	Есеп нысандары	Меңгеруші, әдіскер
4	Жазғы сауықтыру маусымына дайындық	Сәуір, мамыр	Жазға арналған жұмыс жоспары	Меңгерушінің,әдіскер, медициналық қызметкер

Педагогикалық-ұйымдастырушылық-жұмыс

Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процесінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	№1 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы-білімге апарар жол» 1. Жаңа оқу жылындағы 2023-2024 әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру 2. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстарын талдау 3. Бекіту: «Happy kids» балабақшасының жылдық жоспары -Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша базистік және барлық ҰОҚ-нің кестесін құру, перспективалық жоспарларын талқылау, бекіту. №1 Педкеңестің шешімі, №2 Педкеңеске тапсырма	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
II	№2 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналармен бірлескен қызметті жандандыру» 1.« Ата-анамен жүргізілетін негізгі жұмыс түрлері» 2.«Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылдарын арттыру жолдары» 3.« Ата-аналармен өзара тиімді жұмыстар атқару әдісі» жұмыс тәжірибесінен 4. «Отбасылармен бірлескен іс-әрекет бойынша сауалнамалардың жұмыс қорытындысы» 5. №2 Педкеңестің шешімі, №3 Педкеңеске тапсырма	Желтоқсан	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
III	№3 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту» 1.«Балалардың қиялы қанат бітірген, ұмытылған бұйымға жан бітірген» тақырыбындағы көрме 2. «Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту» (фелтинг технологиясы бойынша) 3.«Сикырлы фелтинг» ұмыт қалған қолөнерге оралу»	Ақпан	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

	4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің ағымдағы жағдайы, міндеттері және жұмыс бағыттары» 5. «Роль экологического воспитания дошкольного возраста» №3 Педкеңестің шешімі, №4 Педкеңеске тапсырма		
IV	№4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту» 1.Аттестатталушы педагогтардың жиынтық папкалары 2.«Фелтинг технологиясы балалар әлемінде» 3. Қимылды ойындар арқылы баланың денсаулығын нығайту (Фельтинг технологиясы бойынша) 4. Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту(Фельтинг технологиясы бойынша) 5. «Әлеумет» білім беру саласы арқылы балалар шығармашылығын дамыту (Фельтинг технологиясы бойынша) 6.№4 Педкеңестің шешімдерінің орындалу барысына талдау жасау №5 Педкеңеске тапсырма	Сәуір	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
V	№4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Шығармашыл педагогтың шығар биігі көп» 1.2023-2024 оқу жылындағы жылдық тапсырманың орындалуы. 2.«Біздің жетістігіміз» тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің жылдық қорытынды есебі 3.Индикатор жүйесі негізінде балалардың құзыреттілік деңгейі 4. Жаңа оқу жылы бойынша аттестациядан өтуші педагогтердің құрамымен таныстыру 5. Жазғы демалысты ұйымдастырудың жоспарымен таныстыру 6.№5 педагогикалық кеңестің шешімі	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

Әдістемелік кеңестер

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	№1 отырыс Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары.	Қыркүйек	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
2	№2 отырыс Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай-күйін талдау	Желтоқсан	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
3	№3 отырыс Балалардың даму деңгейін талдау. Мектепалды даярлық топтың мектепке дайындығы. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау. Педагогтармен жаттығулар жасау.	Ақпан	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
4	№4 отырыс Оқу жылын қорытындылау.	Мамыр	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері

Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

Салауатты өмір салты-баланың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтаудың маңызды факторларының бірі, ол өмір сүру сапасын анықтайды, ал мектепке дейінгі жас-адамның жеке басы қалыптасатын маңызды кезең

Сауықтыру іс – шаралары

Іс шара түрлері	Топтар	Кезендері
Далада танғы қабылдау; ауа арқылы шынықтыру; күн арқылы шынықтыру.	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті
Бет, қол, мойынды жуу; қолды шынтаққа дейін ысқылау және кептіру; аяққа суды себелеп құю	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті
Тыныс алу ойын-жаттығулары; аутотренинг; кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру; массаж; нүкте массажы; физиемдеу: тубус-кварц, соллюкс. Мұрын мен тамақтың ингаляциясын жасау	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті
Маусымдық алдын алу: полидәрумендер, шөп шайы, оксолин мазы.	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті

Мерекелік сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жоспары

Мақсаты:

1. Білімді рухани-өнегелі және дене саулығы жетілген баланың жеке тұлғасын қалыптасыру.
2. Балалардың күнделікті өмірін қызықты істермен, мерекелермен толықтыру.
3. Әр баланы мазмұнды әрекетке қамту, баланың қызығушылығы мен өмірлік белсенділігіне себепкер болу.

Қызмет түрі	Тақырыбы	Жауаптылар
Қыркүйек		
Мереке	«Білім күні»	мектепалды топ, ересек топ тәрбиешілері.
Қазан		
Ертеңгілік	«Күз сыйлықтары»	Тәрбиешілер
Қараша		
Жолда жүру ережесі	«Токта, сақ бол абайла!»	Тәрбиешілер
Желтоқсан		
Тәрбие сағаты	Тәуелсіздік күні	Тәрбиешілер
Жаңа жылдық ертеңгіліктер	«Қош келдің, жаңа жыл»	Тәрбиешілер
Наурыз		
Мерекелік ертеңгіліктер	«Аяулы анашым»	Тәрбиешілері
Мерекелік ертеңгілік	«Армысың әз Наурыз!».	Тәрбиешілері
Сәуір		
Мерекелік іс-шара	«Қазақстан ұлттарының бірлігі»	Тәрбиешілері
Мамыр		
ертеңгілік	«Қош бол, бөбекжай!» атты мектепалды даярлау топ тәрбиеленушілерінің қатысуымен	Мектепалды даярлық топтар

Ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспары.

«Happy kids» балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аталар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№1	Қыркүйек айында жүргізілетін жұмыс түрлері	Жауаптылар
	Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, ата-аналарға кеңес беру. 1.Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу. Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары. - Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру. - Топ тәрбиешілерімен таныстыру -Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту. Кеңес беру: «Балабақшадағы адаптация»	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Медбике Тәрбиешілер
№2	Қазан айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1. Мектепалды даярлық және ересектер қазақ топтары	Әдіскер Тәрбиешілер
№4	Желтоқсан айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1. Жаңа жылдық мерекені өткізу Ата-аналардың қатысуымен	Тәрбиешілер Ата-аналар
№5	Наурыз айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1. Мерекелік ертеңгіліктер «Алтынсың ғой Анашым»ата-аналардың қатысуымен 2.Көктем мерекесін ұйымдастыру және өткізу ата-аналардың қатысуымен 8 НАУРЫЗ	Тәрбиешілер Әдіскер
№7	Мамыр айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1.Жалпы ата-аналар жиналысы. Тақырыбы: «Бала біздің-болашағымыз» Кеңес беру: - Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру.	Әдіскер Тәрбиешілер Медбике Меңгеруші

Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары.

- 1.Балалардың денсаулығын нығайту және өмір қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету үшін оңтайлы жағдай жасау, ауру мен жарақаттанудың алдын алу;
- 2.Балалардың танымдық қызметін жүзеге асыруда физикалық тұрғыдан дамуына бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыра отырып, қызығушылықтарын арттыру;
- 3.Жаз мезгіліндегі балалардың дамуы мен сауықтыру шаралары туралы сұрақтарды ата-аналардың күзіретіне қалдыру

№	Айы	Апталар	Апта атаулары
1	Маусым	1-апта	«Бақытты балалық шақ»
		2-апта	«Жас ізкесушілер»
		3-апта	«Жаз да келді, көңілді
		4-апта	«Қауіпсіз жаз»
2	Шілде	1-апта	«Гүлденген табиғат»
		2-апта	«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»
		3-апта	«Жазғы сайыстар»
		4-апта	«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма»
		5-апта	«Менің достарым»
3	Тамыз	1-апта	«Ас атасы – нан»
		2-апта	«Мен және қоршаған орта»
		3-апта	«Өнер көзі халықта»
		4-апта	«Ғажайыптар әлемінде»

**2023-2024 оқу жылы сауықтыру кезеңінің
тақырыптық-кешенді жоспары
Жазғы сауықтыру кезеңінің міндеттері**

- 1.Балалардың денсаулығын нығайту және өмір қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету үшін оңтайлы жағдай жасау, ауру мен жарақаттанудың алдын алу;
- 2.Балалардың танымдық қызметін жүзеге асыруда физикалық тұрғыдан дамуына бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыра отырып, қызығушылықтарын арттыру
- 3.Жаз мезгіліндегі балалардың дамуы мен сауықтыру шаралары туралы сұрақтарды ата-аналардың құзіретіне қалдыру

№ р/с	Айы	Апталар	Апта атаулары
1	Маусым	1-апта	«Бақытты балалық шақ»
		2-апта	«Жас ізкесушілер»
		3-апта	«Көңілді жаз»
		4-апта	«Қауіпсіз жаз»
2	Шілде	1-апта	«Гүлденген табиғат»
		2-апта	«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»
		3-апта	«Жазғы сайыстар»
		4-апта	«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма»
		5-апта	«Ас атасы – нан»
3	Тамыз	1-апта	«Менің достарым»
		2-апта	«Мен және қоршаған орта»
		3-апта	«Өнер көзі халықта»
		4-апта	«Ғажайыптар әлемінде»